

**Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 мамырдағы N 656 қаулысына өзгерту енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 24 мамырдағы N 640

Қаржы-экономикалық сауықтыру мен төлем жасау қабілеттілігін қалпына келтіру перспективасының болуына байланысты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Дәрменсіз кәсіпорындарды санациялау мен тарату жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының 1996 жылғы 21 наурыздағы шешіміне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Төлем жасауға қабілетсіз кәсіпорындарды Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкіне беру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 мамырдағы N 656 қаулысының қосымшасына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж.,

N 17, 194-бап) мынадай өзгерту енгізілсін:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкіне берілген төлем жасауға қабілетсіз кәсіпорындардың тізбесінен:

Батыс Қазақстан облысының "Металлист" Орал зауыты" АҚ шығарылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі